

# Егемен Қазақстан

## Кеудесінде оты бар қазақ

**Қазақ ғылымнан кенже қалғанмен, «Оян, қазақ!» деп алаш азаматтары аттан салған соңғы қилы кезеңде табиғи қабілетімен озық шыққан небір мықты ұлдарын әлемге паш етті. Аш-жалаңаш, саяси қуғын-сүргін ұлт зиялыларын жаппай отаған аласапыран дәуірде, халқымызға құдай қарасып, жас өскіні оқу-білімнің нұрымен көктеді, әлем таныған ірі тұлғаларға айналды. Солардың бірі Шапық Шоқыұлы.**

Шапық пен оның ағасы Ризаның есімін ғұлама Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Құран кітап ашып қойған. «Баталы құл арымас» десе, қазақтың өзі әулие. Киелі кітаптың қасиетін таныған Мәшһүр Жүсіптей әулиенің батасы екі баланы да заманның жаманатынан, өлім-жітімнен аман алып шығып, ақсақал жасына жетуді, абыройлы, адал еңбегімен өрлеген асыл азаматтардың қатарына қосуды жазыпты. Шапық аға кітабында: «Өмірбаянының осы дерегін Риза өле-өлгенше ерекше мақтан тұтты. Өзім де қазақ үшін сирек кездесетін есімнің шығу тегін сүйсіне әңгімелейтін едім», деп жазады. Тегінен жаңылмауды қазақ айрықша қастерлейтін халық.

Әкесі Шоқының бойында ерекше тектілік, заман бағдарын дөп тану бар. Сол қасиеті қан арқылы үлкен ұлы Ризаға берілген, ол жалғыз сиырды сатып, соның ақшасымен інісін оқуға жіберген көрегендігі, тегінің мықтылығы.

Шапық Шокиннің «Өмірдің төрт маусымы» атты мемуарлық-ғұмырбаяндық кітабы 1992 жылы жарыққа шықты. Осы кітабының басында ол әке бейнесін алты жасында жетім қалса да, жүрегінде сақтап, қимастықпен, сағынышпен еске алады. Бір үйде сегіз бала: үш қыз, бес ұл болса, ұлдың кенжесі – Шапық. Шоқы өлерінде кенжесін тұңғыш баласы Ризаға аманаттап кетеді. Арғы атасы Бәзіл бай болғанмен, кейінгі тұқым үш жұттан кедейленген. Ол әкесі тақыр кедей болса да, еңсесі түспеген, «Менің әкемде қашан оянып, қашан сіңгені беймәлім, мінезінде бір кісілік, дегдарлық болды. Малсыздығынан ол қасірет жасаған жоқ. Ауыртпалыққа көнсе де» деп жазуы соны білдіреді. Шоқы қалтасында соқыр тиыны болмаса да туыстарды қайран қалдырып, үлкен ұлы Ризаны оқуға жіберген. Білім алу дәулеттілердің балаларының артықшылығы саналған кез. «Кедейдің талайына жазылғаны надандыққа одан әрмен шырмалып, мал соңында салпақтау» деп ұққан қиын заманда әке даналығы Шоқы балаларының келешекте өсіп-өркендеуінің алтын кілті тәрізді прогрессивті рөл атқарды.

Тіпті бұл жолда қазақтың ұлттық салт-дәстүрі, дәлірек айтқанда, өмірден озған бір туысының күнәсін сатып алатын ғұрып көмекке келгені аян. Оның құны бір бие болып шығады. Бұл жетім

балаларға бір қыс ризық болады. Оқуға барар жолда жалғыз сиырдың терісін сатып тапқан 8 сомды Риза інісі Шапыққа береді.

Бала Шапықтың оқу іздеп шыққан одиссеясының басында ауылдан Қарқаралыға қазақтың төрт баласы 400 шақырым жалаңаяқ десе артығы жоқ, арба соңына ілесе жаяу жол жүретіні қазіргі балалар үшін ертегідей нанғысыз сезілер. Ол бірталай күнге созылған мехнаты мен қызығы мол сапар болды. Табанынан тозып, Қарқаралыдағы алғашқы оқуына тентіреп жеткен бала Шапықтың жігері жасымайды. Жас шағынан шынығу бұл ұрпақтың маңдайына жазылған жазмыш. Тегінде бұл кітаптың керемет артықшылығы: кәдімгі кинодраматургияға сұранып тұрғаны. Өйткені, нағыз өмір жолы, тарихи тұлғаның өмірбаяны ғана емес, тұтас бір халықтың басынан кешкен қилы кезеңі, боямасыз шындығы, адамдар арасындағы тартыс мейлінше объективті суреттелінеді. Егер осындай нағыз адамдарды кино өнері арқылы өнеге қылуды білсек, Голливудтың жалған Рембосы, Бэтман, супер қаһармандары өтіріктің құйрығы бір тұтам қалпымен түкке жарамай қалар еді.

Алматыда, Медеу шатқалында 1973 жылы сел басқандағы бұл кісілердің: бірінші басшы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев пен Совмин төрағасы Бәйкен Әшімовтің қасында табиғат апатының қайталануының алдын алу үшін тұрғызылған бөгеттердің қауқары жетпей қалатын болған соң, бірнеше насос арқылы селді бөгеу жөніндегі қажыр-қуаты мен біліктілігі жаугершілікте ел қорғаған батырдан артық болатын.

Өз өмірінің кез келген кезеңін суреттеудегі нақты шындық Шапық Шокин мемуарының ерекшелігі. Әдебиеттегі осы деректі жанрдың табиғатын «Мемуары – это святая ложь» деп мәскеулік профессор В.П.Смирнов бір дәрісінде күлімсірей таңбалағаны ойымда қалды. Бұл әрі қиялға бай лириктерге қатысты әңгіме болса керек. Ал физиктер, яғни нақты ғылым адамдарына математикалық дәлдік тән, артық бояу, әсірелеу, жалған дәріптеу, әртістік, иллюзия оларға түбірімен жат.

Шапық Шокиннің туған ауылы Баянауыл – казак станицасы болып салынған аудан орталығы. Қазақ баласының үлкен ғұлама ғалымға айналу жолы соқтықпалы-соқпақты, шытырманы мен тағлымы мол дүрілдеген дәуір болды. Еуразияның кеңістігінде мұхиттай шалқып жатқан, кейіннен Советтер Одағы аталып, он бес республиканы бір тудың астына жинаған зор мемлекеттің XX ғасырда басынан кешкен тарихи мезеттері бұл мемуарға тегіс кіреді. Ол: азамат соғысы, колхозға күшпен ұжымдастыру, байлардың малын тартып алып, өздерін жер аудару, Голощекиннің «кіші Қазан» науқаны, малын тартып алған соң жаппай аштықтан қырылған қазақ халқы, саяси-қуғын сүргін, адамдардың шынайы портреті тегіс кіреді. Мысалы, жас жігіт Шапықтың Семей уездіндегі Шұбартау ауданына қақаған қыста конфискулеуге өкіл болып жіберілген сәті, бұл енді вестерн фильмге лайық эпизодтар.

Бұл еңбекте қазақтың сүт бетіндегі қаймақтай кілең текті зиялылары туралы деректер де мол. Шапық Шокиннің рухани жетілуіне, халқына риясыз еңбек ететін үлкен азаматқа айналуына құдай қарасқан десек жалған сөз бола қоймас. Ташкенттегі оқуға кешігіп барғанын, солай бола тұрса да, Орталық Азия мемлекеттік университетінің геология-барлау факультетіне қабылдануына Мұхтар Әуезов көмектескенін жазады ол.

Ол елді аштық жайлаған 1932 жылдың сұмдығын Қазақстанның әртүрлі аймағы: Аягөз, Көкшетауда өз көзімен көреді. Тірі өлік сияқты қаптаған аштардың бейнесі ұмытылмайды. Бұл қазақ халқына қасақана жасалған қастандық екенін мына бір дерек әшкерелейді: «Мұнда біз осында вокзалда Қазақ Орталық атқару комитетінің төрағасы Елтай Ерназаров тоқтағанын білдік. Қоразданып шай ішіп отырған президентті көргенде жарылып кете жаздадық. Ескендір (қазақ студент) даусы бұзылып, айқай салды: «Сізге ұят емес пе? Анда адамдар өліп жатыр.... Совет үкіметі қайда?». Шал кесесін қолынан түсіріп алды, шайы кілемге төгілді. Ол басын қос қолдап ұстады және ақырын жылады: «Менің қолымнан не келеді?». Осынау сауатсыз шал осы

минуттарда президенттің жағдайының мәнісіне біздің көзімізді ашты». Бұл Новосибирсктегі вокзалда болған оқиға. Қазақтың сауатсыз шалы Голощекиннің әншейін қуыршағы болып шықты. Геноцидтің сан түрлерін кәрі тарих әбден біледі.

Сол кезде жалаңаш қолмен жауға шапқан баяғының жалаңтөс батырындай тоталитарлық жүйеге қарсы шыққан қазақта ерлер болғанын мына бір дерек растайды: «Зұлымдықтың тізбекті реакциясы ешкімді аямады. Мен САКУ-дағы (Орталық Азиялық коммунистік университет) Айналхат Күленовты еске алдым, ол қасына өзінің сегіз жерлесін жинап алып, отанындағы жаппай аштыққа кінәлілерді жұрт алдында жазалауды талап етті. Олардың бәрін «Тоғыздың тобы» деп атады». Әрине, бұл ұлтын сүйген студенттердің бәрін органдар ұстап әкетті.

Советтік индустрияландырудың темірдей қатал тәртібі туралы ол «Қай жерде апат болса, сол жерде сөзсіз бүлдіргіштік» деп танығанын жазады. Және Қарғалы ГЭС-ындағы табиғи апатты мойнына жазықсыздан жүктеп, совет өкіметіне қастандық, халық жауы деп айдар таққан инженер Шальдені ол қылмысы жоқтығын сараптамада дәлелдейді, біліктілігімен ақтап алады. Комиссия бірнеше ай қамауда отырған Шальдені босатқан. Шапық Шоқыұлының арқасында. Білімді мыңды жығып қана қоймайды, панасызды қорғай да алады!

Ұстазы академик Г.М.Кржижановский кішіпейіл, кең пейіл, нағыз зиялы қалпымен жас қазақ ғалымына темірқазықтай бағыт беріп, шәкіртін аса жоғары бағалайды. Орыстың небір үздік ғалымдарын сүйінткен, оқымаған қазақ Шоқының баласы Шапық болады. Бір қызық детальдар айтылған: академик Глеб Максимилианович Кржижановский Ленинді өте қадірлеп, Сталинді жек көрген екен. Ол Лениннің ең жақын адамы болғанын кітаптағы академиктің сөзінен білеміз. Жас Шапық үшін бұл адам нағыз ғылымның шамшырағы: «Чернь от науки, мешчане новой жизни не уставая ждали момента, когда он оступится, даст промашку, чтобы доставить себе удовольствие позлорадствовать, поизощряться в умении за глаза осмеять «выжившего из ума старика». К их огорчению, такое удовольствие выпадало на их долю редко». (Түпнұсқадағы: «чернь от науки», ғылымды иектеген қара албастыдай жалған сұмдардың бейнесін қалай дәл берген, қазір олар өткел бермей қабындап кеткенін Ш.Шокин сияқты алыптар білсе қалай күніренер еді. Бірақ Шапық аға тәрізді шын ғалымдарды «могиканның соңғы тұяғы» демесек болғаны).

Өз уақытында жалған ғылымды малданып, оңай олжа көрген біреу кездескен екен, ғалым оны «Адам өз орнында отырған жоқ» деп анықтайды және дилетанттарды бөтелкеден шыққан жынға теңейді. Ал қазір ғылым ойыншыққа айналғандай әсері бар.

Елді электрлендіруді Ленин коммунизм құрудың алғышарты хәм өсиеті қылды. Мұның саяси маңызы болғанын қазақтың бас электр маманы жазады. «Электр шамының жарығы партия мен үкіметтің еңбекшілерге қамқорлығын айқын көрсетті. Сол жылдарда совет өкіметіне электрлендіруден артық айқын үгітті табу қиын болатын».

«Отыз сегізінші жылдың қазан айында мен өз өмірімдегі алғашқы су электр станциясын іске қостым». Ташкенттен соң Омбыға оқуға ауысып, Омбы ауылшаруашылық институтының гидромелоративті факультетін үздік бітірген Шапық Шокин жұлдызы Қазақстан энергетикасы, су электр станциялары, суға шөлдеген Арқаға «Ертіс– Қарағанды» каналын салу, т.б. республикамыз үшін көптеген маңызы зор істерде, аса ірі жобаларда жарқырау үшін жанды. Күллі әлемдегідей, энергетика жергілікті қорлар арқылы дамуы керек деген ойды ол ту қылып ұстады.

Шапық Шокиннің тұлғасын тану бір мақалаға сыймайды. Үлкен қызметте, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі Қаныш Сәтбаевтың қасында жүрген серігі, идеялас жолдасы, Қаныш Имантайұлынан соң Ұлттық Ғылым академиясын басқарған жетекші-ғалым Шапық Шокиннің ғұмыр жолында кездескен көрнекті тұлғаларының өзі айтарлықтай. Ол Совет Одағы билігінің басындағы біраз: Н.С.Хрущев, маршал К.Е.Ворошилов, М.А.Суслов, Л.И.Брежнев, Д.А.Қонаев

сияқты тарихи адамдардың портреттерін эпизод арқылы берсе де, нақты береді. Ол солардың бәрімен қоян-қолтық жұмыс істеді, дос болды, ел игілігі үшін жанын салды, тіпті, пікір қайшылығы үшін республиканың бірінші басшысы, қоғам қайраткері Д.А.Қонаевпен ымыраға келмеді. Бір сөзбен айтқанда, ағат кетсе де, бұл боямасыз жарқын өмір. Мұнда жағымпаздыққа, екіжүзділікке орын жоқ. Қазіргі ұрпақ үшін тұлға тану. Бірақ, тірі адамдар өзара қақтығыстарда жүргені шындық әрі қателіксіз адам өспейді. Біз үшін Дінмұхамед Қонаев пен Шапық Шокин қазақтың озып туған біртуар ұлдары болып қала бермек.

Ол қазақ ғылымы туралы Ғылым академиясының хатшысы ретінде нақты, айқын, объективті дерек береді. 1948-1952 жылы Қазақстан Ғылым академиясындағы репрессия, 200 ірі ғалымның Қ.Сәтбаевтің серіктері ретінде қуғындалғаны туралы шындық бар. Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Бауыржан Момышұлы, Ахмет Жұбанов, Әлкей Марғұлан, Дихан Әбілев, Әбікен Бектұров, Салық Зиманов, Евней Бөкетов, Абылқас Сағынов, А.П.Полосухин, т. б. тұлғаларды ол сүйінішпен жазады. Ал өзінің туған ағасы Ризаға деген құрметі мен алғысы шексіз.

Артына 20 том ғылыми еңбек қалдырған, Қазақстандағы энергетика бойынша ғылыми-зерттеу институтының алғашқы және 45 жыл үздіксіз басқарған директоры Шапық Шокин. Сондықтан Қазақ елі тәуелсіздігін алған сәтте Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев «Халық Қаһарманы» жоғары атағын Шапық Шокинге берді.

Шапық Шокиннің мағыналы ғұмыры нағыз киноға лайық. Осы кітап бойынша келешекте киносценарий жазғым келеді. Жастар мұндай ірі тұлғаларды дәуір озған сайын біле түсуі керек. «Тәрбиелеу» деген сөзді ұнатпаймын. Адам өзін-өзі жасайды» дейді қайсар тұлға. Өзі болғандықтың формуласы. Ғылымның қиын түрін таңдаса да, ол Абайдың ғибратын, өлеңдерін біледі. Мұнысы ізгі үлгі, сыңаржақ емес. Шапық ағаның адам уақытты бос өткізуді ғадетке айналдырып, оны пәлсапамен ақтап алса, сол оның соры дейтіні – Абайдың адам баласын аздырар жұмысы жоқтық, жалқаулықты әшкерелейтін өсиетіне дәл келеді. Академик Шапық Шокинді дер шағында әрі заманынан озып туған ел азаматы десек артығы жоқ.

Айгүл КЕМЕЛБАЕВА  
жазушы, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты